

*А.Н. Шұқыжанова<sup>\*1</sup>, А.К. Кистаубаева<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>Қауымдастырылған профессор, PhD,  
Абылай хан атындағы қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті,  
Алматы қ., Қазақстан  
E-mail: Aiyum.shukizhanova@gmail.com*

*<sup>2</sup>т.ғ.к., ҚР орталық мемлекеттік мұражайы, Қазақстан тарихын зерттеу орталығы  
Алматы қ., Қазақстан  
E-mail: Aiyum.shukizhanova@gmail.com*

### **1917-1922 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚ(ҚЫРҒЫЗ) АКСР-нің СОЛТҮСТІК ЖӘНЕ СОЛТҮСТІК-ШЫҒЫС ШЕКАРАСЫНЫҢ МЕЖЕЛЕНУІ**

*Аңдатпа*

Қазақ(қырғыз) АКСР-нің Сібірмен шекарасы 1920 жылдардың басында күрделі саяси және экономикалық жағдайда құрылды. Сол жылдарда Қазақстанға өзінің территориялды тұтастығын қалпыну келтіру мүмкіндігі туды. Мақалада 1917-1922 жылдардағы республикамыздың солтүстік және солтүстік-шығыс шекарасының межеленуі мәселелері қарастырылған. Мұрағат материалдарын және тарихнаманы жинақтау мен зерделеу арқылы авторлар РКФСР мен Қазақ(қырғыз) республикасы арасындағы шекараның құрылу үрдісіне толық талдау жасайды. Мақалада сонымен бірге, Сибревком, Казревком, Мәскеу, БОАК, жергілікті биліктің межелену мәселелеріндегі күрделі өзара қарым-қатынастары көрсетілген. Шекараны анықтау күрделі үдеріс болғандықтан бірнеше таласты аумақтар болды. Осы даулы территорияларды шешу үшін құрылған арнайы комиссияның жұмыс барысы туралы толық мәліметтер келтірілген.

**Түйін сөздер:** шекара, межелену, Қазақ(қырғыз) АКСР, Қостанай уезі, Кирревком, Сибревком, Алаш партиясы, Бұқтырма уезі, Семипалатинск, Ақмола облысы, Алтай губерниясы

*Мақала Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігінің № BR 10965282 "Қазақстан-Ресей шекарасы: Тарихи контекст және жаңа геосаяси шындық" гранттық жобасы бойынша орындалды.*

*А.Н. Шұқыжанова<sup>\*1</sup>, А.К.Кистаубаева<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>ассоц. профессор, PhD,  
Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана,  
г. Алматы, Казахстан  
E-mail: Aiyum.shukizhanova@gmail.com*

*<sup>2</sup>к.и.н., Центральный государственный музей РК, центр по изучению истории Казахстана,  
г. Алматы, Казахстан*

### **РАЗГРАНИЧЕНИЕ СЕВЕРНОЙ И СЕВЕРО-ВОСТОЧНОЙ ГРАНИЦЫ КАЗАХСКОЙ(КЫРГЫЗСКОЙ) АССР В 1917-1922 гг.**

*Аннотация*

Граница казахской(Киргизской) АССР с Сибирью была образована в начале 1920-х годов в сложных политических и экономических условиях. В те годы Казахстану представилась возможность восстановить свою территориальную целостность. В статье рассматриваются вопросы разграничения северной и северо-восточной границы республики в 1917-1922 гг. Путем накопления и изучения архивных материалов и историографии авторами проводится подробный анализ процесса формирования границ между РСФСР и Казахской(Кыргызской) Республикой. В статье также отражены сложные взаимоотношения Сибревкома, Казревкома, Москвы, ВЦИК, местных властей в вопросах размежевания. Поскольку определение границ - сложный процесс, было несколько спорных

территорий. Приведены подробные сведения о ходе работ специальной комиссии, созданной для разрешения данных спорных территорий.

**Ключевые слова:** граница, разграничение, Казахская (Киргизская) ССР, Костанайский уезд, Кирревком, Сибревком, партия Алаш, Бухтарминский уезд, Семипалатинская область, Акмолинская область, Алтайская губерния

*Статья подготовлена в рамках программы целевого финансирования проекта BR10965282 «Казахстанско-российская граница: исторический контекст и новая геополитическая реальность» Министерства образования и науки Республики Казахстан*

A.N. Shukyzhanova<sup>\*1</sup>, A.K. Kistaubayeva<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Associate professor, PhD, Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan

E-mail: Aiym.shukizhanova@gmail.com

<sup>2</sup>c.h.s., Central State Museum of the Republic of Kazakhstan, the Department for the Study of the History of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan

## DELIMITATION OF THE NORTH AND NORTH-EAST BORDER OF THE KAZAKH(KYRGYZ) ASSR IN 1917-1922

### Abstract

The border of the Kazakh(Kyrgyz) ASSR with Siberia was formed in the early 1920s in difficult political and economic conditions. In those years, Kazakhstan had the opportunity to restore its territorial integrity. The article deals with the delimitation of the northern and north-eastern borders of the Republic in 1917-1922. Through the collection and study of archival materials and historiography, the authors make a detailed analysis of the process of creating the border between the RSFSR and the Kazakh(Kyrgyz) Republic. The article also reflects the complex relations of Sibrevkom, Kazrevkom, Moscow, BOAC and local authorities in the field of delimitation. Since the definition of borders is a complex process, there were several disputed territories. Detailed information on the work of the special commission established to resolve these disputed territories is given.

**Keywords:** border, delimitation, Kazakh (Kyrgyz) ASSR, Kostanay uезд, Kirrevkom, Sibrevkom, party Alash, Bukhtarminsky uезд, Semipalatinsk oblast, Akmolinsk oblast, Altai province

*The article was prepared within the framework of the program of targeted financing of the project BR10965282 "Kazakh-Russian border: historical context and new geopolitical reality" of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan*

**Кіріспе.** Қазақстан мен Ресей шекарасының тарихы тереңде жатыр. Қазақ хандығы мен Ресей империясына тиесілі территориялардың шегін көрсететін құжаттар болмаса да және кейде шекаралық қақтығыстар болса да әр тарап қалыптасқан аумақтық бөліністерді құрметтейтін.

XIX ғасырдың соңына қарай қазақ даласының Ресей империясына толықтай қосылуына дейін Қазақстан аумағы қазіргі кездегідей болатын. Отарлаудың алғашқы жылдарында патша үкіметінің Қазақ хандығы территориясына өз билігін бекітуі шекаралық сызықтардың құрылуымен басталды. Одан ары қарай басқаруды тереңдету мақсатында үш жүздің жерлері Оренбург, Батыс Сібір және Түркістан генерал-губернаторлықтарына өтті.

1917 жылғы қазан төңкерістерінен кейін Қазақстанға өзінің территориялық тұтастығын қалпына келтіру мүмкіндігі туды. 1917 жылдың 5-12 желтоқсанында өткен Жалпы қазақтардың екінші съезінде саяси ұлттық «Алаш» партиясы қазақ территориалды-ұлттық автономиясын құратындықтарын жариялады.

Партия мүшелері автономиялы мемлекеттің құрамына қазақтар өмір сүріп жатқан барлық облыстарды кіргізді. Олар: Бөкей Ордасы, Орал, Торғай, Ақмола, Семипалатинск облыстары, Манғышлақ уезі, Закаспийск облысының Красноводск уезінің төртінші және бесінші болыстары, Ферғана және Самарканд облыстарының кейбір бөліктері және Алтай губерниясының оңтүстік болыстары.

Партия басшылары большевиктер Ресей халықтарының құқығы Декларациясында көрсетілгендей ұлттардың өзін-өзі билеу құқығы және т.б. міндеттемелері орындалады деп үміттенген болатын. Бірақ

олай болмай Украина, Закавказье, Орта Азиядағыдай (Бұхар, Хиуа) ұлттық автономия құру әрекеттерін революциялық әскер күл талқанын шығарды [1,164-165]. Алайда, партия басшылары кейінгі жылдары республика шекарасын құру мен мемлекеттік маңызы бар жұмыстарды атқаруға зор үлестерін қосты.

**Материалдар және методология.** Ғылыми зерттеудің теориясы және методологиясы бойынша негізінен тарихи және тарихи жүйелілік тәсілдемелер пайдаланылды. Басылымдарды, құжаттарды талдау, сондай-ақ мұрағат материалдарын жинақтау және зерделеу 1920 жылдардағы қазақ-ресей шекарасының құрылуы туралы деректер базасын айтарлықтай кеңейтуге мүмкіндік берді.

**Талқылау.** 1918 жылы мамырда құрылған РКСФР-дың ұлттар бойынша Халық комисариатына қарасты Орталық қырғыз (қазақ) бөліміне Қазақ кеңестік автономиясын құру жүктелді. 1919 жылдың сәуірі Орынбор қаласында РКСФР-дың Бүкілресейлік орталық атқару комитеті «Барлық қазақтар Кеңесінің съезін шақырту» туралы қаулы шығарды. Осы қаулы негізінде ұлттар бойынша ҚазақАКСР-ін құру мен Кеңестер съезін шақырту туралы Комиссия құрылды. Сол жылдың шілдесінде В.Ленин Қырғыз (қазақ) әскери-революциялық комитетін құру туралы декретке қол қойды. Казревком Орынбор қаласында орналасты. С.С. Пестковский төрағасы, А.Байтұрсынов, Ә.Т.Жангелдин, Б.Б. Қаратаев, В.Л.Лукашов, С.М.Меңдешов, М.Х.Тунганчин мүшелері болған.

Қазақ АКСР-ін құру кезіндегі Казревкомның ең басты міндеттерінің бірі болашақ республиканың шекарасын анықтау болды. Елді-мекендер, аймақтардың табиғи-географиялық айырмашылықтары, ұлттық құрамы, шаруашылық құрылымы туралы құжаттар, әдебиеттер және материалдарды жинау, зерттеу оңай болмады. Сол кездегі қазақ зиялы қауымы мен басшылары әр жер телімі үшін аянбай еңбек етті [2].

**Нәтижелері.** Шекараны анықтау күрделі процесс болғандықтан бірнеше таласты аумақтар болды. Солардың бірі *Торғай облысының Қостанай уезі*. Уезд революцияға дейінде оңтүстік Оралдың ірі қаласы Челябинскпен тығыз байланыста болған, азаматтық соғыс жылдарында бұл байланыстар одан ары нығайды. 1919 жылдың тамызында Қостанай уезі мен осы уездің көптеген бөліктері ақтардан азат етіліп, қызылдардың Шығыс фронтының әскери тылынаайналған. Аймақты басқару, қауіпсіздік пен тәртіпті қамтамасыз ету және т.б. мәселелерді сылтау етіп фронттың Әскери кеңесі Сібір ревкомының Қостанай уезін Челябинск аудандық басқармасына қосу туралы ұсынысын қолдады. Қостанай уезі елдің таяу маңындағы өндірістік аймақтарды нанмен қамтамасыз ететіндіктен және Кеңестік билікті нығайтуда маңызы зор болғандықтан Сібір ревкомы аталған уезді Челябинск аудандық басқармасына қосқысы келді [3,37].

Уезге қатысты шешімді білген соң Казревком мүшелері 1919 жылдың қыркүйегіндегі бесінші отырысында орталық билікке Қостанай уезін Қырғызревком қарамағында қалтыру туралы қаулы шығарды. Уездің Қырғызревкомы құрамында қалуы туралы баяндама жасалып, БОАК-ке жіберілді.

Казревкомның тапсырмасымен А.Байтұрсынов пен М.Сералин Челябинск губерниясының басшыларымен кездеседі, алайда сәтсіз аяқталады. 1920 жылдың сәуірінде Казревком Мәскеуге қайта телеграмма жібереді. Қостанай уезінің аумағы табиғи суаруға байланысты шұрайлы жерлері және малдың жайылуына ыңғайлы жайылымдары бар болғандықтан ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығына қолайлы екендігі көрсетілген. Облыстың оңтүстік бөлігі құм мен шөлді жерлерде өсетін өсімдіктер болғандықтан мал жайылымы мен жер өңдеуде қолданылуға келмейді. Жағдайды патша билігі кезінде қазақтың шұрайлы жерлерін тартып алып, Ресейдің басқа облыстарынан келген өзге ұлт өкілдеріне беруі қиындатқан болатын. Шекараның жергілікті билікпен санаспай орталықтан өзгертілуі орталыққа деген сенімсіздік артуы мен аймақтарда билік арасында келіспеушілік тудыратындығы көрсетілді. Казревкомнан ең мәдениетті және шұрайлы Қостанай уезі немесе Ақмола облысының (Петропавл, Омбы және Көкшетау) солтүстік уездерінің бөлінетін болса Қырғыз республикасын құру мүмкін еместігін көрсетті. БОАК Президиумына барлық материалдармен А.Байтұрсынов жіберілді. Оның міндеті 1919 жылдың тамызындағы Қостанай уезіне қатысты қаулының күшін жою және 1919 жылдың шілдесіндегі Совнаркомның декреті бойынша Казревкомға қарайтын облыстардың шекараларын Жалпы қырғыздардың съезінің шақыртуына дейін болашақта өзгертуді болдырмау болатын [3,38].

Казревкомның ұстанымын Қостанай уезінің тұрғындары, Ә.Жангелдин ұйымдастыруымен өткен қазақ съезінің өкілдері қолдады. Съезд Орталықтан Қостанай уезін Дала өлкесі басқармасында қалтыруды сұрау туралы қаулы шығарды. Алайда уездің тұрғындарының көпшілігі славяндар болғандықтан Челябинск сұрауы бойынша Мәскеу Қостанай уезін 1919 жылдың желтоқсанында Челябинск облысында қалтырды. Казревком мұндай шешіммен келіспей уездің қазақтар тұратын аймақтарының өкілдерін тыңдады. Қазақстан Кеңестерінің съезіне дейін және Орталықтың жаңа шешіміне дейін Қостанай уезінің уақытша бөлінуін қабылдау туралы қаулы шығарды.

1920 жылдың 12-18 қаңтарында 251 орыс, украин, неміс және 47 қазақ өкілдерінің қатысуымен Қостанай уезінің Кеңестерінің I Съезі өтті. Ауыл мен Казревкомның өкілдері уездің Қазақстанға берілуі туралы пленарлы отырыста сөз қозғамады да, өздерінің бөлек отырыстарын өткізді. Қатысқандар уездің Торғай облысында қалуына барлық әрекетті жасау керектігі жайында қаулы шығарып, Бүкіл қазақтық Кеңестік съезге үміт артты. Егерде съездің қолынан уезді сақтап қалу келмесе республика құрамына қазақ болыстарының территориясын кіргізумен шектелу көзделді.

Челябинск басшылығы Мәскеуге уездің тұрғындарының 60% орыстар және 40% қазақтар екендігін және олар аралас орналасқандығын көрсетіп, қиындықтар туындамас үшін мәселені тезірек шешілуін талап етті. Казрекомда осыны талап еткен. Бұл ұстанымды Түркістан фронтының басқармасы қолдады. РКП ОК-ның Политбюросы әскерилердің ұсынысын қарастырып, Қостанай уезі мәселесін БОАК-тің әкімшілік комиссиясына жіберді [4,82].

Казревком жоғарыда көрсетілген жағдайларға қарамастан, уезді қайтарып алу әрекетін жалғастырды. Челябинск билігіне телеграмма мен хаттар жолдап отырды. 1920 жылдың наурызында Челябинск губревкомы Казревком мүшелері А.Байтұрсынов, М.Сералин мен уездің қазақтар тұратын мекендерінің өкілдерімен кездесіп, мәселені қарастырды. Ешқандай келісімге қол жеткізілмеді.

Казревком Челябинск губревкомы бағынатын Сибревкомнан қолдау күтті. Челябинск губерниясын Урал ревкомына беруді көздеген Сибревком төрағасы нақты позицияны ұстанбады. 1920 жылдың жазына таман Казревком уезд тұрғындары арасында өзінің ұстанымдарын айқындап алып, қайта Мәскеуге жүгінеді.

1920 жылдың 28 маусымында Казревком өкілі И.Омаров барлық құжаттар, өтініштер, тұрғылықты халықтың мандаттарымен Орталық әкімшілік комиссия бағынатын ішкі істер Наркоматына, одан кейін РКФСР-дің басқа да мемлекеттік және партиялық органдарына барды. Казревком қазақ халқын бірінші әкімшілік территориялық бірлік, яғни болашақ Қазақ автономды республикасының құрамында қайта біріктіруді мақсат тұтты және қазақ кедейлерін казактар мен кулактардың езгісінен шығаруды көздеді. Мәскеу Челябинсктен уезді Казревкомға қайтарып беруді талап етті де, 1920 жылдың қыркүйегінде губревком революцияға дейінгі шекараға сәйкес Қостанай уезінің барлық территориясын Қазақстанға қайтарды [4,83].

Бұл тек уезді қайтарып қоймай, Башқұр республикасы билігі тарапынан Қостанай уезіне деген арам пиғылдарын тоқтатты және 1919 жылдың желтоқсанында көзделген Қырғыз-Башқұрт республикасын құру жоспары жүзеге аспай қалды [3,40].

Республикалардың шекарасын анықтау мақсатында Мәскеуде әкімшілік комиссия, Казревкомда 1920 жылы мамырда арнайы Комиссия құрылды. Республика құрамына өтуі тиіс территорияларды анықтау, РКФСР-дің Совнаркомына және Қазақстан Кеңестерінің съезіне ұсынылатын шекараны анықтау жобаларын дайындау, көрші мемлекеттермен шекараға қатысты туған дауларды шешу жолдарын ұсыну және т.б. міндеттемелер жүктелді. ҚазақАКСР мен басқа да кеңестік республикалардың шекарасын анықтауда халықтың ұлттық құрамы ең басты назарда болды. Алайда солтүстік, батыс және шығыс шекараларымызды бекіту кезінде саяси тиімділікпринципіне де қарады [5,20].

Казревком 1920 жыл наурызында ҚазақАКСР-не Ақмола және Семипалатинск облыстарымен бірге Омбы қаласын қосу туралы ұсынысын Мәскеуге жібереді. Алайда жергілікті билік те орталық та қолдау көрсетпеді. 1921 жылдың ортасына дейін Омбы қаласы барлық Сібірдің орталығы болған. Қаланың және қала маңы аудандарында көпұлтты халқы болғанымен басым көпшілігі орыстар болатын. Барлық Омбы уезінің ауылдарында 76,3 пайыз орыстар, 25 пайыз қазақтар тұрды. 1920 жылы шілденің соңында Орынбор Сибревкомға Кирвоенревкомның ҚазақАКСР-нің шекарасын толық белгілегенге дейінгі таласты уездерді басқару туралы Уақытша ережені жіберді. Онда Омбы уезінің солтүстік бөлігін Сибревкомға беру туралы шешімі жазылған. Шешім қабылдар кезде уезде орыс ұлтты көп тұратындығы және Омбы қаласының Сібір үшін маңыздылығы ескерілді [3,45].

Казревкомның наурызда жіберген ұсынысы кеш жеткізілді. Шілденің 17-інде Сибревком Қазақстанмен шекараны сол аймақта тұрып жатқан орыстар мен қазақтарды бөлетіндей құру қажет деп көрсетті. Нәтижесінде Сібірге Петропавл, Көкшетау, Омбы уезі толықтай, Атбасар уезінің кейбір бөлігі, Павлодар, Семипалатинск және Өскемен уездері өтті. Мәселе шешілмегеннен кейін БОАК Президиумы Қазақстан, Түркістан, Сібір, Орал өкілдерін шақырып, кеңес өткізді. Алайда ешқандай мәмілеге келмеді. Ол жерде бір Қазақ емес, үш қазақ өлкесін құру ұсынылды. Бірінші қазақ республикасына Қазақстанға тиесілі Астрахань губерниясының бір бөлігі, Орал және Орынбор-Торғай (Қостанай уезінсіз) губерниялары, Қостанай уезімен бұрынғы Дала өлкесі екінші Қазақ республикасын, Жетісу, Сырдария губерниялары және Түркістан автономды республикасы үшінші Қазақ мекенін құру керек болды. Қазақстанның территориясының алыптығы және бір орталықтан

басқару қиын болатындығын сылтау етіп, үш бөлікке бөлгілері келді. Қазақстанды осылай бірнеше бөлікке бөлуді жақтайтындар шықпады және бұл ұсыныс мәжілістің хаттамасында көрсетілмеді [3,46].

Қазақ республикасын басқару туралы БОАК Президиумындағы кеңес 1920 жылы 9-10 тамызда болды. Бірнеше отырыстар мен кеңестер өткізілді. Қатысушылар барлық қазақ облыстарын қамтитын Қырғыз республикасын құру керектігіне тоқталды. Сол жылы 17 тамызда Наркомат Қырғыз республикасын құру туралы декреттің жобасын бекітті. БОАК мен РКФСР СНК «Автономды Қырғыз (қазақ) Социалистік Кеңес Республикасын құру туралы» декретінде Автономды Қазақ Социалистік Республикасы РКФСР-дің бір бөлігі және оның бұрынғы әкімшілік облыстары берілсін деп жазылған. Оған сәйкес республика құрамына төмендегідей облыстар кіреді:

а) Семипалатинск облысы: Павлодар, Семипалатинск, Өскемен, Зайсан және Қарқаралы;

б) Ақмола облысы: Атбасар, Ақмола, Көкшетау, Петропавл, Омбы уезінің кей бөліктері;

в) Торғай: Қостанай, Ақтөбе, Ырғыз, Торғай

г) Орал: Орал, Лбищенск, Темір және Гурьев уездері

д) Закаспий облысының Мангышлак уезі және Красноводск уезінің 4 және 5 Адай болыстары

е) Астрахань губерниясынан Синемор болысы, Бөкей ордасы және 1 және 2-інші Примор округына қарасты территориялар. Сафрон, Ганюшкино және Николаевск болыстарының Қырғыз революциялық комитетінің қарамағында қалады. Астрахань атқарушы комитетіне қарасты облыстың аралас тұратын халықтың қарым-қатынасын реттейтін Астрахань атқарушы комитеті өкілдері мен Қырғыз революциялық комитеті мүшелерінен тұратын Комиссия құру міндеттелді. Сонымен бірге, декретте Түркістан республикасының территорияларында тұратын халықтың келісімімен Қырғыз республикасының құрамына қосуға болатындығы көрсетілді.

Декретте Семипалатинск және Ақмола облыстары кіреді деп көрсетілгенімен Қырғыз республикасының орталық органдары толық құрылғанша облыстар Сібір революциялық комитетінің қарамағында қалады деп баяндалды. Кирревком территориялары уақытша Сибревком мен Түркістан Орталық Атқару Комитетіне қарайтын болғандықтан, аталған комитеттерге бағынышты және солардың директиваларымен жүруге мәжбүр болды. Облыстар территориясында өтетін іс-шараларға қатысты Кирревком мен Сибревком және сәйкесінше Кирревком мен Түркістан Орталық Атқару Комитеті арасында дау туындайтын болса, мәселені шешу РКФСР-дің орталық органдарына берілетін.

Қырғыз АКСР-ін құру туралы декрет бойынша қазақтар тұратын территорияның басым бөлігін автономия құрамына қосты. Солтүстік және солтүстік-шығыс облыстар да республика құрамына кіргенмен, уақытша Сибревком қарамағында болды. Алайда нақты қанша мерзімге дейін екендігі көрсетілмей, тек Қырғыз республикасының орталық билік органдары құрылғанға дейін деп көрсетілді. Оңтүстік территориясы болса Түркістан республикасының қарамағында уақытша болды да, сол жерлерде тұратын халықтың қалауымен облыстар Қазақстан құрамына қосыла алады деп көрсетілді [5, 14-15].

Бірінші Қазақстан Кеңестерінің съезі 1920 жылы қазанда Орынбор қаласында өтті де, Семипалатинск пен Ақмола облыстарын қайтарып алу мәселесін қарастырады және Сибревкоммен келісім жасау үшін Омбыға Қырғыз ОАК мүшелерінен тұратын арнайы өкілдерін жіберді.

Сибревком бірнеше себептерін көрсетіп, екі облысты беруден бас тартты. Бұл облыстар Сібірдің басқа облыстарымен бірге Мәскеуді нанмен қамтамасыз етіп отырды. Сонымен қатар, республиканың шығысында азаматтық соғыс аяқталмады. 1920 жылдың соңында Зайсан уезіне қытай әскерлері де шабуыл жасады. 1921 жылдың көктемінде Түмен, Алтай губернияларында және Солтүстік Қазақстанда бірнеше көтерілістер болған. Сол үшінде Семипалатинск облысының шығыс уездерінде әскери жағдай сақталған болатын [3, 50-51].

Қырғыз ОАК-і облыстарды қайтарып алу туралы әрекеттерін тоқтатпады. Территорияға қатысты талас одан ары қарай қыза түсті. Кирревком Омбы қаласынан шығысында алты, жеті верст жерде шекараны өткізуді талап етсе, Сибревком қазақстандық курорт Бурабай мен Павлодар уезінің тұзды көлінің аудандарын алып қалғысы келді. Әрине екі жақ келісімге келмеді. Казобкомның ұсынысымен КазОАК пен СНК Семипалатинск және Ақмола губернияларын басқару және қабылдау туралы Төтенше арнайы комиссия құрылды. Комиссия мүшелері 1921 жылы 24 наурызда Омбы қаласына келді. Ортақ комиссия 11 мамырға дейін 6, ал оның бюросы 15 отырыс өткізді [6, 26-27].

Қырғыз АКСР-нің өкілдері отырыстардың бастапқы кезеңдерінде жоғарыда аталған екі губернияны беруді талап етсе, Сибревком жаңадан құрылған Бұқтырма уезін, Омбы және Павлодар уезінің оңтүстігіндегі жерлерді өз қарамағында қалтырғылары келді. 10 мамырда тараптар келісімге келіп, Қырғыз республикасының қарамағына Бұқтырма уезімен бірге барлық Семипалатинск губерниясы, Омбы губерниясынан Омбыдан басқа уездері берілетін болды.

Сібірдің Омбы губерниясымен Қырғыз республикасының Ақмола губерниясы арасындағы шекара және Павлодар уезіндегі тұз өндірілетін жерлер мәселесін шешу БОАК-ке берілді. 1921 жылы 2 маусымда БОАК-нің әкімшілік комиссиясы Бұқтырма және Павлодар уездерін (тұз өндірілетін аудандарымен қоса) ҚырғызАКСР-і құрамында қалтырып, Омбы уезін межелеу үшін келістіруші комиссия құрды. Келесі күні комиссия төмендегідей келісімге келеді: Исилькуль станциясы Кирреспублика қарамағында қалды, Ореховская, Добровольская, Моисеевская, Русско-Полянская, Ново-Санжаровская, Черноусовская, Степановская, Котельниковская сияқты 8 Сібір болыстары ҚырғызАКСР құрамында қалды [7].

1921 жылы 10 маусымда БОАК Президиумы Омбы уезін межелеуге қатысты келісімді бекітті. Алайда, Павлодар уезіндегі тұз өндіретін аудандардың қай ревкомға тиесілі екендігі анықталмағанша Кирреспубликаға берілмейтіндігі мәлім болды.

13 маусымда БОАК Кирреспубликаға Алтай губерниясының кейбір аудандарын беру туралы келістіруші комиссияның шешімін бекітті. Бұқтырма уезі толықтай қайтарылды, Семипалатинск губерниясының Өскемен және Семипалатинск уездеріне Сибревкомның бірнеше болыстары өтті. Сол жылы 9 қыркүйекте және 1922 жылы желтоқсанда РКФСР БОАК Кирреспубликаның Петропавловск уезіне де бірнеше болыстарды берді.

Аймақтардың әкімшілік-территориалды құрылымының әртүрлілігі мәселесі, жергілікті халықтың межелеуге қатысқысы келетіндіктері, билік органдарының қателіктері және т.б. мәселелердің болуы жоғарыда қабылданған шешімдердің жүзеге асыруын қиындатты. Басқару органдарының көп мәселелерді ескермеуі қабылданған шешімдерді қайта қарауға әкеліп отырды. 1921 жылы қыркүйекке дейін Петропавловск уезіне Ишим уезінің бес болысын беру туралы БОАК-тің қаулысы кейінге қалтырылды. БОАК-тің 1921 жылы қарашада «Алтай губерниясының Змеиногородск уезінің құрамында Угловская, Алексеевская, Лаптевская, және Локтевская болыстарын қалтыру туралы» шешімін қайта қарастыру және т.б. шешімдердің өзгеруі бұрын қабылданған қаулылардың жүзеге асуының баяу жүргендігін, шекараны межелеу процессінің оңай болмағандығын көрсетеді.

Исилькуль, Черлак станциялары, Павлодар уезінің тұзды көлдері аудандарының қай ревкомға тиесілі екендігін қайта қарастырылуы жаңдайды қиындатты [6, 29]. 1921 жылдың 13 маусымындағы БОАК-тің қаулысына Омбы губисполкомы наразылық білдірді және осы мәселені шешу үшін 14, 24, 30 қыркүйекте құрылған арнайы келістіруші комиссияның нәтижесі болмады. ҚазОАК мен Сибревком қайта БОАК-ке жүгінді. БОАК Президиумы тұзды көлдер ауданын Кирреспубликаға қалдырып, Исилькуль станциясын Омбы губерниясына қосты, Черлак станциясын Семипалатинск губерниясына қалдырды. Бұл шешімді Кирреспублика РКП(б) ОК-не шағымданды, 16 қаңтарда ОК ұйымдастыру бюросы БОАК Президиумына тұзды көлдер ауданын Сібірді жыл сайын 15 млн. пұт тұзбен қамтамасыз етіп тұру шартымен Кирреспубликаға қалдыруды ұсынды. Исилькуль станциясы да Кирреспубликаға қалтырылды. 26 қаңтарда БОАК Президиумы өз қаулысын өзгертіп, РКП(б) ОК нұсқауын орындады. 14 ақпанда Сибревком наразылық білдіреді де, РКП(б) ОК Политбюросы Кирреспубликаның Омбы губерниясымен шекарасын қайта қарастыруды ұсынады. Нәтижесінде 1922 жылдың көктемінде Исилькуль станциясы маңайындағы болыстармен Омбы губерниясында қалды, тұзды көлдер ауданы мен Черлак станциясы Кирреспублика қарамағына өтті [8]. Осылайша республикамыздың солтүстік шекарасы айқындалды, алайда тәуелсіздік алғанға дейінде жекелеген телімдерде өзгерістер болды.

Республикамыздың Ресеймен шектесіп жатқан *шығыс шекарасын* межелеуде оңай болмады. Шығыс шекараны бекіту процесі Змеиногородск уезінің жекелеген болыстарының Семипалатинск облысының құрамына өтуі, Алтай губерниясы шекарасында ерекше Бұқтырма уезінің құрылуы және оның Семипалатинск облысына жатқызылуы, Кирреспублика құрылғаннан кейін қайта бөлініске түсуі, Коростелев даласына қатысты даулар және Сибревком құрамында болған Семипалатинск губерниясының Кирреспубликаға қайтарғандығы себебінен Алтай губерниясы мен Кирревкомның шекараларының соңғы межеленуі сияқты бірнеше кезеңдерден өткенін көреміз [9, 3].

1916 жылы Томск губерниясының оңтүстік уездерінің билігі патша үкіметінен шығысымыздағы кейбір территорияларды жаңадан құрылған Алтай губерниясына қосуды талап етті. Шығыстағы таласты болған аумақтардың межелеу тарихы осы кезден басталды. Саяси жағдай өзгергеннен кейін 1917 жылы мамырда Томск губерниясының Халық жиналысы Алтай губерниясын құруды жалғастыру керектігін және Змеиногородск уезінің оңтүстік және оңтүстік-батысындағы болыстар Барнауыл мен Змеиногородскпен ешқашан қандай да бір байланыстары болмағандығын, керісінше Семипалатинск пен Өскеменге жақын екендіктерін мәлімдеді. Осы мәселелерді шешу үшін құрылған комиссия Ертіс өзені бассейнінде орналасқан барлық 29 болысты Семипалатинск және Өскеменге қосуды аудан

өкілдері сұрайтындығын көрсетті. Комиссия құжатында Змеиногородск уезі тарапынан ешқандай қарсылық жоқ екендігі баяндалған [3, 55].

Үш күннен кейін Солоновка ауылында Өскемен, Змеиногородск, Зайсан уездерінің өкілдерінің съезді болды, нәтижесі жаңа Бұқтырма уезін құрып, оны Семипалатинск облысына қосу туралы шешімімен аяқталды. Болыстар уездік қалалардан бес жүз шақырым алыс орналасқан, тау, таспен бөлінгендіктен, көктем, күз мезгілдерінде орталықпен байланыс айлап болмайтын. Съезд болашақ уездің құрамына Подгорный, Калоджирский болыстарының бөлігін, Зайсан уезінің барлық Пограничный болысын, Змеиногородск уезінің Бухтарминский, Верх-Бухатрминский, Зырян, Чернавинский, Михайло-Роман болыстарын, Өскемен уезінің Чингистай, Защитный, Нарым, Уркор, Алтай, Күршім, болсығарын, Алтай, Бұқтырма казактік станицаларын, Малокрасноярск, Күршім өзені бойындағы ауылдарын кіргізді [9, 32-33].

1917 жылы маусымда Уақытша үкімет Алтай губерниясын құру туралы қаулы шығарды, алайда Бұқтырма уезі туралы сөз қозғалмады. 1917 жылы шілдеде Семипалатинск облыстық комиссариаты үкіметтік шешімді күтпей Семипалатинск облыстық басқармасына Уақытша үкіметке халық қалауы бойынша жаңа Бұқтырма уезін құру туралы ұсыныс жасау туралы қаулы шығарды. Алтай губерниясы құрылғанға дейін Томск губерниясының Халық жиналысының атқарушы комитеті дәл сондай ұсыныс жасады. 1917 жылы 17 шілдеде ішкі істер министрлігі земстволық шаруашылық бөлімі бұл мәселе бойынша губерниялық жиналыстың хаттамасын алғаннан кейін ғана қажетті шешім қабылдай алатындығын мәлімдеді.

1918 жылы 25 қаңтарда Бұқтырма аймағының Халық жиналысы және 1918 жылдың мамырында уездің шаруалар, қырғыз, казак, жұмысшы депутаттарының съезі жаңа уезді құру және оны Семипалатинск облысына қосу туралы бұрынғы шешімдерін растады. Алайда оның шекарасы жоғарыда көрсетілгендей емес, өзгеше құрылды. Сол кездері республикамыздың шығысында ақтармен соғыс аяқталмағандықтан, шекараны анықтау ұзаққа созылып, тек шекара толықтай аймақ ақтардан босатылғаннан кейін ғана анықталды. 1920 жылдың 16 ақпанында Алтай губерниясы мен Семипалатинск облысы өкілдерінің ведомстваралық кеңесі өкілдері земстволық билік органдардың 15266 халқы, 18000 шаршы шақырым ауданымен Бұқтырма мекенін және 173560 Прииртышск жазығын Кирреспублика құрамына беру туралы шешімін бекітті.

Змеиногородск уезінің оңтүстік-батыс бөлігін Семипалатинск облысына беру мәселесін шешу де ұзаққа созылды, бұл жерлерде Барнауылдан алыста, таулармен оқшауланған болатын. 1920 жылдың қаңтар-ақпанында Семипалатинск облревкомы Сибревкомға көршілес губерниялардың әкімшілік шекарасының революцияға дейінгі кезеңдерде экономикалық тұрғыдан сәйкес келмегендіктерін көрсетті. Томск, Алтай және Семипалатинск облыстары арасындағы шекара Барнауылдан төрт жүз шақырым, ал Семипалатинсктен тек жиырма шақырымда болған. Бұл әрекеттердің барлығы Патша үкіметі шұрайлы жерлерді өзіне қосып алу үшін жасағандығын көрсетеді және де ол жерлердің халқының басым көпшілігі қазақтар болған [3, 57-58].

Сол күнгі кеңесте Змеиногородск уезінің Каиндыкский, Вознесенский, Ново-Покровский болыстарын экономикалық тұрғыдан Семипалатинск облысында болуы тиіс деген шешім қабылданды. 1920 жылдың сәуірінде Барнаулда жаңа ведомстваралық кеңес бұл шешімді растап, Алтай губерниясынан Семипалатинск облысына Алексеевский, Лаптевский болыстарын және Змеиногорский уезінің Угловский, Бородулихинский, Жерновский, Успенский және т.б. болыстарының оңтүстік бөліктерін беру мәселесін қарастыру үшін ведомстваралық комиссия құрды. Семипалатинскте 1920 жылдың маусымында болыс өкілдерінің съезі өтті және ол съезде жоғарыда аталған болыстардың өкілдері халықтың Семипалатинск губерниясына қосылғылары келетіндіктерін мәлімдеді. Болыс тұрғындарының қалауын қанағаттандыру үшін Семипалатинск облысына Алексеевский, Лаптевский, Угловский, Локтевский, Спенский, Золотухинский, Екатеринбургский болыстарының солтүстік бөліктерінен басқа барлық болыстар кірді. Аталған болыстардың халқы Алтай губерниясында қалғылары келетіндік-тен сол губернияда қалды. Алайда, Алексеевский, Лаптевский, Угловский, Локтевский болыстары халқы осындан бұрын Семипалатинск облысына қосылғылары келетіндіктерін білдіргендіктен, комиссия мүшелерін қай губернияда қалатындықтарын анықтау үшін сол болыстарға жіберілді [9, 96].

Комиссия халқының басым көпшілігі қазақтар болған Коростелев даласы, Риддер, Убинск, Локтевский орман шаруашылығы және Тополинск орман шаруашылығының Пограничный орманының оңтүстік бөлігін Семипалатинск облысына қосу мәселесін де қарастырды.

Комиссия жұмысы аяқталғаннан кейін шекара туралы қаулы шығарды. Алайда онда көрсетілген шекара қайта өзгеріп отырды. Екі айдан кейін Алтай губисполкомы ведомстваралық комиссияның

және Змеиногородск уезі өкілдерінің баяндамасын тыңдап, Локтевский болысының халқы Алтай губерниясына болыстары жақын болғандықтан сол губернияда қалғылары келетіндіктерін анықтады. Губисполком «Коростел даласы» мемлекеттік жерлері» Алтай губерниясындағы аймақтық қана емес, мемлекеттік маңызы бар (1920 жылдың өзінде ғана шаруашылық он мың пұт жүн берді) «Катков даласы» атты кеңес қой шаруашылығымен тығыз байланыста болғандықтан Алтай губерниясында қалуы керек деп мәлім-деді. Осылай мәселе шешілетін болса екі губерния арасындағы шекара тураланған сызық бойымен өтеді.

Бір жылға жуық уақыт өткеннен кейін 1921 жылдың шілдесінде Змеиногородск уезінің исполкомы аталған уезден жақын жерде орналасқандықтан және Шелковников пен Рубцовскке апаратын жол осы болыстар арқылы өтетіндіктен Семипалатинск губерниясынан Локтевский, Александровский, Больше-Речинский болыстарын қайтарып алу туралы шешім қабылдады. 1921 жылдың қарашасында БОАК Президиумы Угловский, Локтевский, Алексеевский болыстарын Змеиногородск уезінде қалтыру туралы қаулы қабылдады [3, 58-59].

1924 жылдың қазанында БОАК Президиумы таласты территориялар мәселесін қайта көтереді. Коростел даласын және ондағы орналасқан барлық елді-мекендерін және Змеиногородск уезінің 17 уезін барлық территориясымен бірге Семипалатинск губерниясына қосу туралы қаулы шығарды. Аталған жерлерді Киресубликаға беру үшін жаңа Келістіруші комиссия құрылды. Нәтижесі 1925 жылдың ақпанында жоғарыда көрсетілген территорияларды ҚырғызАКСР-не қосу туралы Актіге қол қоюмен аяқталды [10, 211-212].

1921 жылдың сәуірінде Сибревкомнан Ақмола және Семипалатинск облыстарының қайтарылуымен республикамыздың солтүстік және солтүстік-шығыс шекарасы айқындалды.

**Қорытынды.** 1920 жылдары еліміздің шекарасының қалыптасуына сол кездегі саяси экономикалық, әскери жағдайдың әсер еткендігін көреміз. Алаш қайраткерлері және сол кездегі шекараны анықтау үшін құрылған комиссия мүшелері әрбір таласты аумақты ҚазақАКСРнің құрамында сақтап қалу үшін Сибревкоммен қарым-қатынас қиын болса да, бекітілген шекара бірнеше жылдан кейін қайта қаралса да саяси, экономикалық себептер мен халықтың қалауын көрсетіп аянбай еңбек еткен. Осындай қажырлы еңбек арқасында 1919 жылы көзделген Қырғыз-Башқұрт республикасын құру, территорияның алыптығынан бір орталықтан басқару қиын болады деген желеумен үш Қазақ республикасын құру және т.б. идеялар жүзеге аспады.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Аманжолова З.А., Атанов М.М., Турарбеков Б.Ш. *Правда о государственной границе Республики Казахстан.* – Изд. 3-е, перер. и доп. – Алматы: Жибек жолы, 2014. – 228 с.
- 2 Декрет СНК РСФСР о Военно-революционном Комитете по управлению Киргизским краем // ЦГА РК. Ф.Р-14. Оп.1, Д. 14
- 3 Белан П.С. *Границы Казахстана: краткая история формирования.* – Тарих тағылымы, 2008. – 156 с.
- 4 Садықов Е.Б. Мальшева М.П. *Национально-территориальное размежевание Сибири и Казахстана 1919-1922 гг.* – Семей, 2010. – 390 с.
- 5 Сейдін Н.Б. *Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы: қалыптасуы, мәселелері және айқындалу барысы.* – Алматы: ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ, 2006. – 172 б.
- 6 Корженевский К.Б. *Разграничение Омского уезда между Омской и Акмолинской губерниями в 1921–1922 гг.* // Вестник Нижневартковского государственного университета. – 2018. – № 4. – С. 25-32.
- 7 Протоколы заседания административной комиссии по сдаче и приему Челкарского района в Киркрай, по районированию Омской губернии 1921-1922 гг. // ЦГА РК. Ф.846. Оп.1., д.58, 245 лл.
- 8 Центральная административная комиссия при ЦИК КазССР. 1920-1934 гг. // ЦГА РК. Ф.350. Оп.1, д.17, 30лл
- 9 Разгон Н.И., Моисеев В.Л. *Алтайская губерния - Казахстан. 1917-1925. История административно-территориального разграничения: Сборник документов и материалов.* – Барнаул: ОАО «Алтайский полиграфический комбинат», 2001. – 308 с.
- 10 Голунов С.В. *Фактор безопасности в политике России и Казахстана по отношению к их общей границе: дис. ... канд. пол. наук: 23.00.02.* – Нижний Новгород., 2008. – 629 с.

#### *References:*



- 1 Amanzholova Z.A., Atanov M.M., Turarbekov B.Sh. *Pravda o gosudarstvennoi granitse Respubliki Kazakhstan [The truth about the state border of the Republic of Kazakhstan.]* – Izd. 3-e, perer. i dop. – Almaty: Zhibek zholy, 2014. – 228 s. [in Russian]
- 2 Dekret SNK RSFSR o Voенno-revoliutsionnom Komitete po upravleniiu Kirgizskim kraem [Decree of the Council of People's Commissars of the RSFSR on the Military Revolutionary Committee for the Management of the Kyrgyz Territory]// TsGA RK. F.R-14. Op.1, d.14 [in Russian]
- 3 Belan P.S. *Granitsy Kazakhstana: kratkaia istoriia formirovaniia [Borders of Kazakhstan: a short history of formation]* – Tarikh tagylymy, 2008. – 156 s.
- 4 Sadikov E.B., Malisheva M.P. *Sibir i Kazahstan. Nacionalno-territorialnoe razmejevanie Sibiri i Kazakhstana. 1919–1922 gg. [Siberia and Kazakhstan. national and territorial delimitation of Siberia and Kazakhstan. 1919–1922].* Alma-Ata: Kazahstan, 2010 [In Russian].
- 5 Seidin N.B. *Kazakstan Respublikasynyn memlekettik shekarasy: kalyptasuy, maseleleri zhane aikyndalu barysy [State border of the Republic of Kazakhstan: formation, problems and progress of definition]* – Almaty: KR Prezidenti zhanyndagy KSZI, 2006. – 172 b. [in Kazakh]
- 6 Korzhenevskii K.B. *Razgranichenie Omskogo uezda mezhdru Omskoi i Akmolinskoi guberniiami v 1921–1922 gg. [Delimitation of the Omsk District Between Omsk and Akmolinsk Governorates in 1921–1922]* // Vestnik Nizhnevartovskogo gosudarstvennogo universiteta. – 2018. – № 4. – S. 25–32. [In Russian].
- 7 Protokoly zasedanii administrativnoi komissii po sdache i priemu Chelkarskogo raiona v Kirkrai, po raionirovaniuu Omskoi gubernii 1921-1922 gg. [Minutes of the meeting of the administrative commission on the delivery and reception of the Chelkarsky district in Kirkray, on the zoning of the Omsk province 1921-1922.] // TsGA RK. F.846.Op.1., d.58, 245 ll.
- 8 Tsentralnaia administrativnaia komissiiia pri TsIK KazSSR. 1920-1934 gg. [The Central Administrative Commission under the CEC of the Kazakh SSR. 1920-1934] // TsGA RK. F.350. Op.1, d.17, 30ll
- 9 Razgon N.I., Moiseev V.L. *Altaiskaia guberniia - Kazakhstan. 1917-1925. Istoriia administrativno-territorialnogo razgranicheniia: Sbornik dokumentov i materialov [Altai province - Kazakhstan. 1917-1925. The history of administrative-territorial delimitation: A collection of documents and materials.]* – Barnaul: OAO «Altaiskii poligraficheskii kombinat», 2001. – 308 s. [In Russian].
- 10 Golunov S.V. *Faktor bezopasnosti v politike Rossii i Kazakhstana po otnosheniiu k ikh obshchei granitse: dis. ... kand. pol. nauk: 23.00.02. [The security factor in the policy of Russia and Kazakhstan in relation to their common border: dis. ... Candidate of Political Sciences: 23.00.02.]* Nizhnii Novgorod., 2008. – 629 s.